

## Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының жарғылық және меншікті капиталдарының ең төменгі мөлшерлерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 257 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 27 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3105. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 87 қаулысымен.

*Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 87 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу мерзімін 3-тармақтан қ а р а ң ы з ) .*

---

Сақтандыру рыногын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Жаңадан құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері белгіленсін:

1) 2005 жылғы 1 желтоқсаннан бастап:

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензияларды алу кезінде - 210 (екі жүз он) миллион теңге;

"өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензияларды алу кезінде - 450 (төрт жүз елу) миллион теңге;

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензияларды және қайта сақтандыру бойынша лицензияларды алу кезінде - 230 (екі жүз отыз) миллион теңге;

"өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензияларды және қайта сақтандыру бойынша лицензияларды алу кезінде - 470 (төрт жүз жетпіс) миллион теңге;

қызметтің ерекше түрі ретінде қайта сақтандыруды жүзеге асыра отырып қайта сақтандыру бойынша лицензияларды алу кезінде - 310 (үш жүз он) миллион теңге;

2) 2006 жылғы 1 желтоқсаннан бастап:

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензияларды алу кезінде - 310 (үш жүз он) миллион теңге;

"өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензияларды алу кезінде - 550 (бес жүз елу) миллион теңге;

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензияларды және қайта сақтандыру бойынша лицензияларды алу кезінде - 330 (үш жүз отыз) миллион теңге;

"өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензияларды және қайта сақтандыру бойынша лицензияларды алу кезінде - 570 (бес жүз жетпіс) миллион теңге;

қызметтің ерекше түрі ретінде қайта сақтандыруды жүзеге асыра отырып қайта сақтандыру бойынша лицензияларды алу кезінде - 410 (төрт жүз он) миллион теңге;

3) 2007 жылғы 1 желтоқсаннан бастап:

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензияларды алу кезінде - 430 (төрт жүз отыз) миллион теңге;

"өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензияларды алу кезінде - 670 (алты жүз жетпіс) миллион теңге;

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензияларды және қайта сақтандыру бойынша лицензияларды алу кезінде - 450 (төрт жүз елу) миллион теңге;

"өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензияларды және қайта сақтандыру бойынша лицензияларды алу кезінде - 690 (алты жүз тоқсан) миллион теңге;

қызметтің ерекше түрі ретінде қайта сақтандыруды жүзеге асыра отырып қайта сақтандыру бойынша лицензияларды алу кезінде - 530 (бес жүз отыз) миллион теңге.

Жаңадан құрылатын сақтандыру ұйымы үшін жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері шеңберінде сақтандыру ұйымы өзінің сақтандыру қызметін жүзеге асыруды жоспарлайтын сақтандыру кластарына сәйкес, осы қаулының 6-тармағында көрсетілген шамалардың сомасына өсірілуі тиіс.

2. 2005 жылғы 1 желтоқсаннан бастап жұмыс істейтін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері белгіленсін:

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар - 180 (жүз сексен) миллион теңге қосу шеңберінде сақтандыру ұйымы өзінің сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру кластарына сәйкес, осы қаулының 6-тармағында көрсетілген шамалардың сомасы, не 180 (жүз сексен) миллион теңге қосу өткен қаржы жылында (комиссиялық сыйақыдан басқа) есептелген қайта сақтандыруға, осы қаулының 5-тармағына сәйкес есептелген түзету коэффициентіне берілген және қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын қоса отырып, сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сомасынан кемінде 16% өндіру не 180 (жүз сексен) миллион теңге қосу осы қаулының 5-тармағына сәйкес есептелген түзету коэффициентіне өткен қаржы жылында есептелген сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесін қоса отырып, сақтандыру төлемдерінің жиынтық сомасынан кемінде 23% өндіру, - келтірілген шамалардың қайсысы неғұрлым

көп болып табылатындығына байланысты;

"өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар - 430 (төрт жүз отыз) миллион теңге қосу шеңберінде сақтандыру ұйымы өзінің сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру кластарына сәйкес, осы қаулының 6-тармағында көрсетілген шамалардың сомасы, не 430 (төрт жүз отыз) миллион теңге қосу қалыптасқан сақтандыру резервтерінің сомасынан кемінде 4%, - келтірілген шамалардың қайсысы неғұрлым көп болып табылатындығына байланысты;

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы және қайта сақтандыру бойынша лицензиясы бар - 200 (екі жүз) миллион теңге қосу шеңберінде сақтандыру ұйымы өзінің сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру кластарына сәйкес, осы қаулының 6-тармағында көрсетілген шамалардың сомасы, не 200 (екі жүз) миллион теңге қосу өткен қаржы жылында (комиссиялық сыйақыдан басқа) есептелген қайта сақтандыруға, осы қаулының 5-тармағына сәйкес есептелген түзету коэффициентіне берілген және қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын қоса отырып, сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сомасынан кемінде 16% өндіру, не 200 (екі жүз) миллион теңге қосу осы қаулының 5-тармағына сәйкес есептелген түзету коэффициентіне өткен қаржы жылында есептелген сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесін қоса отырып, сақтандыру төлемдерінің жиынтық сомасынан кемінде 23% өндіру, - келтірілген шамалардың қайсысы неғұрлым көп болып табылатындығына байланысты;

"өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы және қайта сақтандыру бойынша лицензиясы бар - 450 (төрт жүз елу) миллион теңге қосу шеңберінде сақтандыру ұйымы өзінің сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру кластарына сәйкес, осы қаулының 6-тармағында көрсетілген шамалардың сомасы, не 450 (төрт жүз елу) миллион теңге қосу қалыптасқан сақтандыру резервтерінің сомасынан кемінде 4%, - келтірілген шамалардың қайсысы неғұрлым көп болып табылатындығына байланысты;

қызметтің ерекше түрі ретінде қайта сақтандыруды жүзеге асыра отырып қайта сақтандыру бойынша лицензиясы - 280 (екі жүз сексен) миллион теңге, не 260 (екі жүз алпыс) миллион теңге қосу осы қаулының 5-тармағына сәйкес есептелген түзету коэффициентіне берілген және қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын қоса отырып, сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сомасынан кемінде 16% өндіру және қосу "өмірді сақтандыру" саласындағы сақтандыру кластары бойынша қалыптасқан сақтандыру резервтерінің сомасының 4%, - келтірілген шамалардың қайсысы неғұрлым көп болып табылатындығына байланысты.

3. 2006 жылғы 1 желтоқсаннан бастап жұмыс істейтін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері белгіленсін:

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар - 280 (екі жүз сексен) миллион теңге қосу шеңберінде сақтандыру ұйымы өзінің сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру кластарына сәйкес, осы қаулының 6-тармағында көрсетілген шамалардың сомасы, не 280 (екі жүз сексен) миллион теңге қосу өткен қаржы жылында (комиссиялық сыйақыдан басқа) есептелген қайта сақтандыруға, осы қаулының 5-тармағына сәйкес есептелген түзету коэффициентіне берілген және қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын қоса отырып, сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сомасынан кемінде 16% өндіру, не 280 (екі жүз сексен) миллион теңге қосу осы қаулының 5-тармағына сәйкес есептелген түзету коэффициентіне өткен қаржы жылында есептелген сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесін қоса отырып, сақтандыру төлемдерінің жиынтық сомасынан кемінде 23% өндіру, - келтірілген шамалардың қайсысы неғұрлым көп болып табылатындығына байланысты;

"өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар - 530 (бес жүз отыз) миллион теңге қосу шеңберінде сақтандыру ұйымы өзінің сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру кластарына сәйкес, осы қаулының 6-тармағында көрсетілген шамалардың сомасы, не 530 (бес жүз отыз) миллион теңге қосу қалыптасқан сақтандыру резервтерінің сомасынан кемінде 4%, - келтірілген шамалардың қайсысы неғұрлым көп болып табылатындығына байланысты;

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы және қайта сақтандыру бойынша лицензиясы бар - 300 (үш жүз) миллион теңге қосу шеңберінде сақтандыру ұйымы өзінің сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру кластарына сәйкес, осы қаулының 6-тармағында көрсетілген шамалардың сомасы, не 300 (екі жүз) миллион теңге қосу өткен қаржы жылында (комиссиялық сыйақыдан басқа) есептелген қайта сақтандыруға, осы қаулының 5-тармағына сәйкес есептелген түзету коэффициентіне берілген және қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын қоса отырып, сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сомасынан кемінде 16% өндіру, не 300 (екі жүз) миллион теңге қосу осы қаулының 5-тармағына сәйкес есептелген түзету коэффициентіне өткен қаржы жылында есептелген сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесін қоса отырып, сақтандыру төлемдерінің жиынтық сомасынан кемінде 23% өндіру, - келтірілген шамалардың қайсысы неғұрлым көп болып табылатындығына байланысты;

"өмірді сақтандыру" және қайта сақтандыру саласы бойынша 550 (бес жүз елу) миллион теңгеге осы қаулының 6-тармағында көрсетілген шаманы қосқандағы сақтандыру класына сәйкес сақтандыру ұйымының өзінің сақтандыру қызметі аясында жүзеге асыратын лицензиясы болуы не 550 (бес жүз елу) миллион теңгеге келтіріліп отырған шамалардың қайсысы мейлінше үлкендігіне қатысты қалыптасқан сақтандыру резервтері сомасының 4%-нен кем

е м е с

с о м а н ы

қ о с у ;

қайта сақтандыруды айрықша қызмет түрі ретінде жүзеге асырудағы 380 (үш жүз сексен) миллион теңгеге лицензиясы болуы не 360 (үш жүз алпыс) миллион теңгеге осының алдындағы қаржы жылы үшін (комиссиялық сыйақыларды қоспағанда) есептелген, қайта сақтандыруға қабылданған және берілген сақтандыру сыйлықақыларын қосқандағы сақтандыру сыйлықақыларының жиынтықты сомасының 16 %-нен кем емес соманы қосу, осы қаулының 5-тармағына сәйкес есептелген түзету коэффициентіне және келтіріліп отырған шамалардың қайсысы мейлінше үлкендігіне қатысты "өмірді сақтандыру" саласындағы сақтандыру класы бойынша қалыптасқан сақтандыру резервтері сомасының 4 %-кең кем емес соманы қосу.

4. 2007 жылдың 1 желтоқсанынан бастап қолданылып жүрген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері мынадай болып белгіленсін:

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша 400 (төрт жүз) миллион теңгеге лицензиясы болуы - оған сақтандыру ұйымы өзінің сақтандыру қызметі аясында сақтандыру класына сәйкес осы қаулының 6-тармағында көрсетілген шамадағы соманы қосу не 400 (төрт жүз) миллион теңгеге осының алдындағы қаржы жылы үшін (комиссиялық сыйақыларды қоспағанда) есептелген, қайта сақтандыруға қабылданған және берілген сақтандыру сыйлықақыларын қосқандағы сақтандыру сыйлықақыларының жиынтықты сомасының 16 %-нен кем емес соманы, осы қаулының 5-тармағына сәйкес есептелген түзету коэффициентіне не 400 (төрт жүз) миллион теңгеге осының алдындағы қаржы жылы үшін есептелген сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесін қосқандағы келтіріліп отырған шамалардың қайсысы мейлінше үлкендігіне қатысты қалыптасқан осы қаулының 5-тармағына сәйкес сақтандыру төлемдерінің жиынтықты сомасының 23 %-нен кем емес соманы қосу.

"өмірді сақтандыру" саласы бойынша 650 (алты жүз елу) миллион теңгеге осы қаулының 6-тармағында көрсетілген шаманы қосқандағы сақтандыру ұйымының өзінің сақтандыру қызметі аясында сақтандыру класына сәйкес жүзеге асыратын лицензиясы болуы не 650 (алты жүз елу) миллион теңгеге келтіріліп отырған шамалардың қайсысы мейлінше үлкендігіне қатысты қалыптасқан сақтандыру резервтері сомасының 4 %-нен кем емес соманы қосу;

"жалпы сақтандыру" және қайта сақтандыру саласы бойынша 420 (төрт жүз жиырма) миллион теңгеге осы қаулының 6-тармағында көрсетілген шаманы қосқандағы сақтандыру ұйымының өзінің сақтандыру қызметі аясында сақтандыру класына сәйкес жүзеге асыратын лицензиясы болуы не 420 (төрт жүз жиырма) миллион теңгеге осының алдындағы қаржы жылы үшін (комиссиялық сыйақыларды қоспағанда) есептелген, қайта сақтандыруға қабылданған және

берілген сақтандыру сыйлықақыларын қосқандағы сақтандыру сыйлықақыларының жиынтықты сомасының 16 %-нен кем емес соманы қосу, осы қаулының 5-тармағына сәйкес есептелген түзету коэффициентіне не 420 (төрт жүз жиырма) миллион теңгеге осының алдындағы қаржы жылы үшін есептелген сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесін қосқандағы келтіріліп отырған шамалардың қайсысы мейлінше үлкендігіне қатысты қалыптасқан осы қаулының 5-тармағына сәйкес келтірілген шамалардың мейлінше үлкендігіне қатысты сақтандыру төлемдерінің жиынтықты сомасының 23 %-нен кем емес сомасын қосу;

"өмірді сақтандыру" және қайта сақтандыру саласы бойынша 670 (алты жүз жетпіс) миллион теңгеге осы қаулының 6-тармағында көрсетілген шаманы қосқандағы сақтандыру ұйымының өзінің сақтандыру қызметі аясында сақтандыру класына сәйкес жүзеге асыратын лицензиясы болуы не 670 (алты жүз жетпіс) миллион теңгеге келтіріліп отырған шамалардың қайсысы мейлінше үлкендігіне қатысты қалыптасқан сақтандыру резервтері сомасының 4 %-нен кем емес сомасын қосу;

қайта сақтандыруды жүзеге асырудағы айрықша қызмет түрі ретінде 500 (бес жүз) миллион теңгеге лицензиясы болуы не 480 (төрт жүз сексен) миллион теңгеге осының алдындағы қаржы жылы үшін (комиссиялық сыйақыларды қоспағанда) есептелген, қайта сақтандыруға қабылданған және берілген сақтандыру сыйлықақыларын қосқандағы сақтандыру сыйлықақыларының жиынтықты сомасының 16 %-нен кем емес соманы қосу, осы қаулының 5-тармағына сәйкес есептелген түзету коэффициентіне және келтіріліп отырған шамалардың қайсысы мейлінше үлкендігіне қатысты "өмірді сақтандыру" саласындағы сақтандыру класы бойынша қалыптасқан сақтандыру резервтері сомасының 4 %-нен кем емес соманы қосу.

5. Түзету коэффициенті осының алдындағы қаржы жылында есептелген сақтандыру төлемдерінің жиынтықты сомасына осының алдындағы қаржы жылы үшін есептелген сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесін шегергендегі сақтандыру төлемдерінің жиынтықты сомасы қатысты деп есептеледі. Осы қатыстылық 0,5-тен кем болмауы тиіс. Егер түзету коэффициентінің есебі нәтижесінде алынған шама 0,5-тен кем болса, онда есеп үшін 0,5 алынады.

Егер осының алдындағы қаржы жылында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру төлемдерін есептемеген болса, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталының мөлшерін есептеу кезінде түзету коэффициенті қолданылмайды.

6. Жаңадан құрылып отырған сақтандыру ұйымы үшін жарғы капиталының және жұмыс істеп отырған сақтандыру ұйымы үшін меншікті капиталдың ең

төмен мөлшері кластар бойынша мынадай шамаларды ескере отырып өсіруге ж а т қ ы з ы л а д ы :

1) сақтандырудың ерікті нысаны бойынша:  
өмірді сақтандыру үшін - 15 (он бес) миллион теңге;  
аннуитетті сақтандыру үшін - 20 (жиырма) миллион теңге;  
жазатайым жағдайлардан және аурудан сақтандыру үшін - 5 (бес) миллион т е ң г е ;

медициналық сақтандыру үшін - 10 (он) миллион теңге;  
автомобиль көлігін сақтандыру үшін - 5 (бес) миллион теңге;  
теміржол көлігін сақтандыру үшін - 5 (бес) миллион теңге;  
әуе жолы көлігін сақтандыру үшін - 10 (он) миллион теңге;  
су жолы көлігін сақтандыру үшін - 5 (бес) миллион теңге;  
жүкті сақтандыру үшін - 7 (жеті) миллион теңге;  
осы тармақшаның алтыншы-оныншы абзацтарында көрсетілген кластардан басқа мүлікті сақтандыру үшін - 10 (он) миллион теңге;  
кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру үшін - 10 (он) миллион теңге;  
автомобиль көлігінің жүргізушілерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру үшін - 5 (бес) миллион теңге;  
теміржол көлігінің жүргізушілерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру үшін - 5 (бес) миллион теңге;  
әуе жолы көлігінің жүргізушілерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру үшін - 10 (он) миллион теңге;  
су жолы көлігінің жүргізушілерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру үшін - 5 (бес) миллион теңге;  
тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру үшін - 5 ( б е с ) м и л л и о н т е ң г е ;  
шарт бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру үшін - 5 ( б е с ) м и л л и о н т е ң г е ;

осы тармақшаның он үшінші-он сегізінші абзацтарында көрсетілген кластардан басқа, келтірілген зиян үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру үшін - 10 (он) миллион теңге;

2) әр класс бойынша сақтандырудың міндетті нысаны бойынша - 10 (он) м и л л и о н т е ң г е .

7. Жұмыс істеп отырған сақтандыру ұйымы осы қаулыда көзделген талаптарға сәйкес сақтандыру кластарын қосу есебінен өсіп отырған меншікті капиталдың ең төмен мөлшері кезінде тек міндетті және ерікті нысандағы жаңа сақтандыру кластары қосылған кезде ғана лицензия алуға сұраныс бере алады.

8. Осы қаулы 2005 жылғы 1 желтоқсаннан бастап күшіне енеді.

9. Осы қаулы күшіне енген күннен бастап мыналардың күші жойылды деп

т а н ы л с ы н :

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жарғылық және меншікті капиталының ең төмен мөлшерін бекіту туралы" 2001 жылғы 20-сәуірдегі N 117 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 1513 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2001 жылғы 21 мамыр - 3 маусымда жарияланған);

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1513 тіркелген, "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жарғылық және меншікті капиталының ең төмен мөлшерін бекіту туралы" 2001 жылғы 20-сәуірдегі N 117 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2002 жылғы 13-қарашадағы N 452 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 2096 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2002 жылғы 16-31 желтоқсан аралықтарында N 26 жарияланған);

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1513 тіркелген, "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жарғылық және меншікті капиталының ең төмен мөлшерін бекіту туралы" 2001 жылғы 20-сәуірдегі N 117 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 29-мамырдағы N 175 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 2378 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2003 жылғы 16-29 маусым аралықтарында N 13 жарияланған) .

10. Сақтандыру рыногының субъектілерін және басқа қаржылық ұйымдарды қадағалау департаменті (А.А. Каримуллин):

1) Заң департаментімен (М.Б. Байсынов) бірлесіп осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

11. Агенттік қызметін қамтамасыз ету департаменті (Р.Р. Несіпбаев) осы



қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жөнінде шаралар көрсін.

12. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Төрағасының орынбасары Қ.М.Досмұқаметовке жүктелсін.

*Төраға*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК